**Алғы сөз**

Қазақ тілі - тәуелсіз республикамыздың мемлекеттік тілі. Ол - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, іс-қағаздарды жүргізу мен рәсімдеу тілі. Мемлекеттік тіл – шын мәнінде қатынас құралы ғана емес, әлеуметтік ерекшелік, ұлттық әдет-ғұрып, салт – сана, ойлау жүйесі. Тіл дегеніміз – мемлекет. Ол - халық. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған – оның ғажайып тілі деп өте дұрыс айтқан.

Тіл – қатынас құралы ғана емес, тіл-билік, тіл-ұлттық рух, тіл-туысқандық, бірлік. Ендеше мемлекеттік тілімізді билікке де, бірлікке де белсене араластырып, беделін көтеріп, өрісін кеңейтуге атсалысуымыз керек.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңын іске асыру мақсатында колледж ұжымы тілдерді дамыту бағдарламасы бойынша жұмыстануда.

Әр оқу жылының басында, яғни 22-қыркүйек Қазақстан Республикасының Тілдер күніне орай колледжімізде апталық ұйымдастырылады. Осы апталықта колледж оқытушылары әртүрлі тәрбиелік шаралар ұйымдастырып өткізеді. Бұндай шаралар болашақ маман иелерінің мемлекеттік тілге деген құрметін арттырады.

Осы жинаққа 2016-2017 оқу жылында Тілдер мерекесіне орай ұйымдастырылған апталықта өткізілген шаралар енгізілген.

**«Мемлекеттік тіл - Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» аттыҚазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне арналған іс-шаралар** (21.09 – 24.09.2016)

| № | Тәрбие сағатының атауы | Күні | Тобы | кабинет | Уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» | 21.09.16 | ИБ-21 | 202 каб. | 11.30 | Тилеуова А.Р. |
| 2 | «Үш тұғырлы тіл болашақтың бастауы» | 21.09.16 | БА – 41 | 306 каб. | 13.30 | Ақмамбетова Д.Б. |
| 3 | «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» | 21.09.16 | ШБ-41 | 302 каб. | 13.30 | АзановаС.У. |
| 4 | «Язык-бесценное наследство вековое» | 21.09.16 | ШБ-12, | 317 каб. | 13.30 | Жаманбаева А.А. |
| 5 | «Тілім менің тірегім» | 23.09.16 | ДТА -22 | 300 каб. | 12.15 | Ескалиев Ж.Ж. |
| 6 | «Ана тілім- арым бұл!» | 23.09.16 | ДТА -13 | 300 каб. | 11.40 | Таңатбекова Г.О. |
| 7 | «Язык-душа народа» | 23.09.16 | І курс арасына | 208 каб. | 13.30 | Джахиева А.Б. |
| 8 | «Тілім менің – арым менің» | 23.09.16 | МБ – 11 | 201каб. | 13.30 | Калиева С.А. |
| 9 | «Тілдің ұтқырлығы-білімнің тапқырлығы» сайыс | 23.09.16 | МБ-11<br>ШБ-11 | 306 каб. | 13.30 | АзановаС.У. |
| 10 | «Язык – душа народа» | 23.09.16 | ДТБ -12 | 216 каб. | 14.15 | Мақсұтқызы М. |
| 11 | «Үштілділік заман талабы» | 23.09.16 | МДА-13,<br>ШБ-11<br>МБ-11, | 210 каб. | 14.15 | Тасжанова М.Ж.<br>Дүйсенова Қ.Е. |
| 12 | «Мемлекеттік тіл – менің тілім» | 24.09.16 | МДБ-31 | 212 каб. | 11.30 | Козыбакова А.П. |
| 13 | «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» | 23.09.16 | ӨБ-11 | 116 каб. | 13.00 | Мусрепова Х.К. |
| 14 | «Тілім деп соқ, жүрегім» | 24.09.16 | І курс арасына | 209 каб. | 13.30 | Кдырова Г.Г. |
| 15 | «Өз тіліңді құрметте» | 23.09.16 | МБ-21 | 217 каб. | 15.10 | Таумурунова М.Е. |
| 16 | «Тіл-білім, тәрбие тұғыры» | 24.09.16 | ША-22 | 209 каб. | 12.15 | Домбаева Л.Қ.<br>Қамидоллина А.Т. |
| 17 | «Kazakhstan is the kingdom of three languages» | 24.09.16 | ША – 22 | 310 каб. | 11 :30 | Мереева К.С. |
| 18 | «Халықтарды біріктірген мемлекет» | 24.09.16 | ШБ-21 | 309 каб. | 11:30 | Испекеева Д.Е. |
| 19 | «1001 мақал, 101 жұмбақ» | 24.09.16 | ШБ – 11 | 307 каб. | 12:15 | Шадимуратова М.М. |
| 20 | «Язык всем знаниям и всей природе ключ» | 24.09.16 | МДБ-11 | 310 каб. | 13.30 | Ахмедова Ш.К. |
| 21 | «Тілім менің-тіршілігімнің тірегі» | 24.09.16 | БА-11 | 200 каб. | 13.30 | Алдабергенова Э.М. |
| 22 | «День языков – народов Казахстана» | 24.09.16 | ШБ-42 | 308 каб. | 13.30 | Утебаева М.А. |
| 23 | «Тіл – ұлттың жаны» | 24.09.16 | ША – 13 | 309 каб. | 13.30 | Атагараева А.А. |

**Оқытушы:** Тилеуова А.Р

**Мамандығы:** «Бастауыш білім беру»

**Біліктілігі:** «Информатика пәнінен бастауыш білім беру»

**Тобы:** ИБ-21

**Күні:** 21.09.2016ж.

**Тәрбие сағатының тақырыбы:** «Тілім менің – тірлігімнің айғағы!»

**Тәрбие сағатының мақсаты:** Қазақстан өмір сүретін халықтардың әдет ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін қастерлеп, бүгініміз бен келешегіміз үшін бірлігімізді нығайту басты борышымыз екенін ұғындыру. Қазақ еліне деген үмітті шыңдау, мемлекеттік тілдің маңызын, қасиетін ұғындыру.

**Тәрбиелік:** Өз елін, өз тілін, Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.




**1-жүргізуші:**

Туған тілім тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім менде бірге өсемін,
Өшсе тілім,менде бірге өшемін. .
-Тілім менің, Осы тілде шежірем,жырым менің
Асан қайғы арманы,Қорқыт күйі,
Тағдыруммен тамырлас мұңым менің.
Тілім менің, Жауға айбарым,ұраным,туым менің.
-Қазақ тілі саялаған нұр бағым,
Қазақ тілім ана тілім,ардағым.
Сен арқылы жетіп жатыр өмірге
Жан сырларым,тілегім,бар арманым
-Тіл дегенім түсіністік құралы,
Тіл арқылы адам бәрін ұғады.
Татулық та, бірлік,достық,береке,
Бәрі-бәрі осы ұғымға сияды

**2-жүргізуші:**

Саф ауасын жұттың ба, самалымның,
Тердің бе қызғалдағын дала гүлін.
Абай мен Мұхтар ағам жырлап өткен,
Қалың қалай,қасиетті ана тілім.
Қайырлы күн,құрметті достар!

**1-жүргізуші:** Еуразияның қақ ортасында орналасып, талай халықтың көнедегі және қазіргі кездегі тарихына куә болған, тарихы солармен тағдырлас қазақ даласы, қазақ жері, қазақ ұлты қандай қиыншылықтарды бастан өткізбеді десеңізші….

**2-жүргізуші:** Ия, Ботакөз! Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз,басымыздан сөз асырмаған елміз.

**1-жүргізуші:** Тіл-ұлттың белгісі, халықтың мұрасы, дүниетаным құралы. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» деген сөзді жадымыздан шығармайық.

**2-жүргізуші:** Тіл халық тарихы, тіл ұлттық қазына, тіл біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз.

Әннің де естісі бар есері бар,
Тыңдаушының құлағын тесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы-күйлі
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Әннің тәтті оралған мәні оятар.

**2-жүргізуші:** Ендеше Жомарт Мөлдірдің орындауындағы <u>«Туған жер»</u> әнді қарсы алыңыздар.

**1-жүргізуші:** Бүгінгі күні «Ел тағдыры-тіл тағдыры» деген сөздің мәнін терең пайымдасақ, мемлекетімізге тәңір сыйлаған тәуелсіздігіміздің тірегі тіл екендігін жүрегімізбен сезіндік.

**2-жүргізуші:** Сол еліміздің тірегіне айналған «Тіл туралы заңдарына» тоқтала кетсек.

**1-жүргізуші:** Алғаш рет 1989 жыл 22-қыркүйек Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заң қабылданып, қазақ тіліне «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» мәртебесі берілді.

**2-жүргізуші:** ИБ – 21 тобының студенттері сіз қандай мәлімет білесіз?

**Жантанатова Гүлайым:**1993 жыл 28-қаңтар. Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданып, онда қазақ тілі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі» болып бекітілді.1995 жыл 30-тамыз.Республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданып, Конституцияның 7-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі-қазақ тілі»,-делінген.

**Шәмшеева Айжұлдыз:**1997 жыл 11-шілде. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы Заң Парламентке қайтадан талқыланып, ол Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен бекітілді. Бұл Заң бойынша қазақ тілі- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілі болып есептеледі,-деген. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заң 6 тарау, 27 баптан тұрады. (Студенттер заңның әр бабын жатқа кезекпен айтады)

**Нұрдаулетова Бағила:** 3-бап: Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру- Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

**Аманқос Динара:** 5-бап: Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару орындарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. 6-бап: Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолданылуына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.

**Утюген Райхан:** 7-бап:Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.13-бап: Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

**Қайырмұханова Амина:** 16-бап: Білім беру ұйымдарында мемлекеттік тіл мен орыс тілі міндетті оқу пәні болып табылады және білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді. 17-бап: Мәдени шаралар мемлекеттік тілде және қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жүргізіледі. 18-бап: Қазақстан Республикасы баспа басылымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің,басқа да тілдердің қолданылуын қамтамасыз етеді.

**Қауымбаева Марал:** 19-бап: Мемлекеттік ұйымдардың, олардың құрылымдық бөлімшелердің атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі. 20-бап: Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келуге тиіс. 24-бап.Тіл туралы заңды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылады.

**Бекібаева Мадина**

Қуан, далам!
Қуанатын күн бүгін.
Серпіп таста
Мұңды жүрек түндігін.
Тіл туралы
Заңым енді күшіне
Паш еткендей
Кеске жаңа кіндігін.

Қуан, бабам!
Қуанатын жөнің бар.
Деген едің-
«Тіл бар жерде өмір бар»
Халық жауы
Атандық-ау сол үшін
Ғұмырыңды құрбан етіп жолыңда ар.

**Андирханова Айгерім**

Тілім келді,дінім қайта оралды,
Басқа төнген қара бұлттар жоғалды.

Көк аспанда күндей болып жарқырап,
Қазақ елі егеменді бола алды.
Тілім менің-тірегім,дінім менің,
Тілсіз қандай болады күнім менің?!
Өз халқыңа жетеді өз мәнінде
Өз тілімде оқылса жырым менің.

**1-жүргізуші:** Президенттің тіл туралы айтылған ескертулері мен сөздеріне шолу жасасақ қалай қарайсың Руслан?

**2-жүргізуші:** Ия Ботакөз! Елбасымыз Қазақ тілі туралы көптеген ескертулерді халыққа айтқан. Әр сұхбат сайын қазақ тілінің мәртебесін арттыру үшін «Қазақ тілі – өзіміздің ана тілімізде сөйлесейік» деген.

**1-жүргізуші.** Ал ендеше тақтаға назар аударыңыздар!

**Видео** «Қазақстан Республикасы тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың қазақ тілі жөніндегі пікірі»

**Қосымбаева Айгерім**
Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде
Қан суынған, жүрек солғын соғады.
Қыран құсты қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!
Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,
— Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

**1-жүргізуші:** Қазақ би өнерінің түп тамыры ғасырлар қойнауынан нәр алатыны белгілі. Халқымыздың тек өзіне ғана тән қазақ биі - әлем билерінің ішіндегі ең жасы десек те болады. <u>Алдарыңызда қазақ биі.</u>

**2-жүргізуші:** Ботакөз есіңе түсірші сен осы тіл туралы қандай мақал-мәтел немесе шешендік сөздер білесің?

**1-жүргізуші:**
Қазір міне:
Анам берген туған тілім,
Атам берген құрал тілім.
Ана тілің алпыс тілге татиды.
«Ана тілін білмейтін адам бір қолы жоқ шолақ адам секілді» деген Ғабиден Мұстафин. Ал Руслан сен қандайын білесің?

**2-жүргізуші:**
Ақынның тілі қылыштан өткір.
Атағыңды өсіретін де, өшіретін де – тіл.
«Ана тілің – асылың,оны білмеген-масылың» Қадыр Мырза Әлі

**1-жүргізуші:** Елбасы Н.Назарбаевтың 1998 жылғы 20-қаңтардағы Жарлығына сәйкес «22 қыркүйек-Қазақстан халықтарының тілдері күні» ретінде аталып келеді.

Б.Момышұлы атамыз: «Тілін білмеген-түбін білмейді» деген. Шынында, тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай алмаса, ол қасірет емес пе?

**2-жүргізуші:** Міне, Ботакөз сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс. Болашағымызды баянды етер қаруымыз – тіліміз. Ана тілімізді құрметтей білейік.

**Бекмұрза Лаура**
Төл тіліңді таза біл
Абайдан қалған асыл сөз,
Жамбылдың жауһар жырлары,
Қасымның қайсар ызғары,
Төлегеннің жыр бағы,
Мұқағали сырлары,
Жұмекеңнің жыр нәрі,
Фаризаның мақалы,
Қадырдың шыққан қырлары,
Тұманбайдың тыңдары,
Мұхтардың маңғаз нұрлы әні.
Қалмасын десең тыңдаусыз,
Түсінемін десең ымдаусыз,
Тіліңді білгін бұл даусыз.

**1-жүргізуші:** Адам жанын баурап алып, жан тебірентерлік үн – күй. Эх, шіркін! Ендеше күй тыңдайық.

**Каламбаев Қазбек**
Сүйемін туған тілді-анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнін..
Тілім менің тірлігім мол мұрамсың,
Ата рухын жаныма қондырасын.
Өзіңменен таныдым тарихымды,
Кемелденген өзіңмен толды жасым.

**1-жүргізуші:** Бұл қызық! Қай тіл көп тараған?
Дүние жүзінде ең көп тараған тіл қайсы дегенде, біреулер ағылшын тілі десе, енді біреулер қытай тілі деп жауап береді.Бұл екі пікірдің қайсысы дұрыс? Бірінші орынды, сөз жоқ, ағылшын тілі болып табылады. Ал егер бір тілде сөйлеушілердің саны бойынша анықтасақ, ағылшын тілі екінші орында тұрады. Сол бір тілде сөйлейтіндердің саны жағынан ең көп тараған тіл қытай тілі екен. Бұл тілде- 844млн адам сөйлейді. Ағылшын тілінде-434 млн,үнді тілінде-338 млн, испан тілінде-331 млн адам сөйлейді.

**2-жүргізуші:**
Тілім менің-тірлігім,
Тіл жайында толғанбайтын кім бүгін?
Тіл жайында үгіттейді кімді-кім?
Тілім менің,тілім менің – тірлігім!

**1-жүргізуші**
Су қараңғы болғанындай жанардың,
Тіл тағдыры-тағдырындай Аралдың.
Гүлін қалай таптамақпын даланың,
Тілін қалай сақтамақпын анамның.

**2-жүргізуші:** Әрине, тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам-қаперсіз болған емес. Бүгін де ана тілінің тағдырына алаңдайтын азаматтар баршылық.

**1-жүргізуші:** Аспан астындағы мұражай – Маңғыстау өлкесін беделі биік, ең мықты мамандарды даярлайтын Маңғыстау гуманитарлық колледжінің түлектерінің осы тіл туралы құттықтау сөздеріне назар салайық.

**1-жүргізуші:**
Тіл –халықтың жаны, сәні. Оның өткендегісін байыптап, бүгінгісін біліп қана қоймай, келешегін де күн ілгері көре білетін өздерің. Халық өзінің ғасырлар бойына жасалған асыл мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа алдымен ана тілі арқылы табыс етеді. Олай болса, ата өсиетіне құлақ салып, ананың тілі арқылы жеткен бабалар аманатына адал болайық!

**2-жүргізуші:** Адам баласы ес білген кезінен бастап айналадағы жаңа ұғымдарды ана тілі

арқылы қабылдап, олардың мәнін түсіне бастады.
**1-жүргізуші:** Ұлы тілдің құдіреттілігі мен қасиеттілігін аңғарсақ, сол ұлы тілмен шешілген талай дау, талай өткір сөздер, талай шешендердің шұрайлы ойлары таңдай қақтырады.
**2-жүргізуші:** Ия,бір данышпан:
Сенің әрбір тынысыңмен тілдесем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.
Ел бетіне қалай түзу қараймын
Ана тілім егер сені білмесем.
**1-жүргізуші:**Олай болса,бүгінгі ұрпақ- ертеңгі күннің иелері тіл туралы ой толғайды. Бүгінгі ұрпақ ой толғайды.
**Сахиева Балнұр**
Ана тілім — аяулы үнім, ардақтым,
Өзіңменен күллі әлемге тіл қаттым.
Нар бабамның көзіндей боп сақталған,
Нұрлы жұлдыз туған тілім қымбатсың.
Ана тілім–бақ-қазынам, айбыным,
Сенсіз менің өтіп жатыр қай күнім?!
Тұғыры биік туған тілім тұрғанда,
Өзге тілде сөйлер болсам қайғы-мұң.
Ана тілім – тірегім, ар намысым,
Бар қазақтың қастерлер ардағысың
Әр жүректе ұран болып жырланар,
Жарқырап шығатұғын таңда нұрсың.
Жасай мәңгі, жасай берші тілегім,
Бір өзің деп соғар менің жүрегім.
Сенсің менің болашағым, өткенім,
Сенсің менің енді жасар көктемім.
Қазыналы, қастерлі ана тілім,
Талмауын мен тілейін қанатыңның.
Бойымда қазақ  деген қаным барда,
Өзің ғана көтерер дара туым.
**2-жүргізуші:** Қазақ тілі – ұлы Абай, Шоқан, Мұхтар, Сәбит аталарымыздың тілі. Менің тілім! Мен осынау ғажайып сырға толы ана тілімде сөйлей алатыныма, ана тілімде ойымды жеткізіп отырғаныма қуанам!
**1-жүргізуші:** Ақын атамыз Ә.Тәжібаев: «Болдым, толдым деме, ізден. Іздегендердің бәрі мұрат мақсатқа қол жеткізген. Ана тіліңді қастерле! Сонда ғана ел сүйетін, ел қастерлейтін нағыз қазақтың өнерлі азаматы бола аласың»,-деген екен. Ендеше, мен ана тілімді дәріптеп, құрметтеймін! Ана тілімнің болашағы зор болатынына сенемін.
**2- жүргізуші**
Ана тілде ата-баба срыры бар,
Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.
Өсе келе құстың тілін білсең де,
Ана тілсіз оның қандай құны бар
**Сұлтанова Сара**
Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.
Түтін түтет, Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадыңда ұста : Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!
Үш бірдей бақытым бар алақанда,
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!



**1-жүргізуші:**Алдарыңызда күй орындайтын Көкдесін Руслан

**Қорытынды:** Бүгінгі тәрбие сағатымыздың соңын ақын Мұзафар Әлімбаевтың жыр жолдарымен аяқтаймын

Тілің - халқың, халқың - тілің, қос егіз!
Екеуінің саясында өсеміз,
Халық пен тіл - жасай берер қос емен,
Саясында көгереді көсегең.
Сіз бен біз де бұ дүниеден көшеміз.
Жасай бермек,жасайды сол қос – егіз!

**Оқытушы:** Акмамбетова Д.Б.
**Мамандығы:** «Бастауыш білім беру»
**Біліктілігі:** «Бастауыш білім беру мұғалімі»
**Тобы: БА-4**1
**Күні:** 21.09.2016ж.
**Тәрбие сағатының тақырыбы:Үш тұғырлы тіл-біздің болашағымыз**
**Тәрбие сағатының мақсаты**: Студенттерді «Тіл туралы Заңның» мазмұнымен таныстыра отырып, үш тұғырлы
тіл және оның мақсаты туралы түсінік беру. Көп ұлтты мемлекетіміздің
халықтарының тілін білуге, құрметтеуге тәрбиелеу
**Безендірілуі**: Шарлар, қабырға газеті, «Менің елім» - слайд, суреттер, буклет
**Түрі:**Әдеби – монтаж.
**Тәрбие сағатының барысы**:
Маңғыстау гуманитарлық колледжінің БА-41 тобының «Үш тұғырлы тіл-біздің болашағымыз» атты тәрбие сағатына қош келдіңіздер!



I. Әнұран орындалады
1. **Топ жетекші**: Құрметті студенттер, оқытушылар Көп ұлтты Қазақстанда 140- қа жуық ұлттар мен ұлыстар тұрады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың көрегенді саясатының арқасында түрлі ұлттың өкілдері елімізде бір мақсатпен –бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол
шығарып өмір сүріп келеді. Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты
Қазақстан халқына Жолдауында:»Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын
жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі-мемлекеттік тіл,орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі,ағылшын тілі- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі»,- деген болатын.Елбасы: «Қазақстан халқы бүкіл әлемге үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс» екенін ерекше атады.Тілдер мерекесі –барша елге ортақ жалпы халықтық мереке, барлық ұлт өкілдеріне көрсетілген зор құрмет. Сол халықтармен достықта, бірлікте өмір сүрейік! Әрқашанда аспанымыз ашық болсын!

**2 жүргізуші**: Добрый день, дорогие друзья! Наш праздник посвящен Дню языков народов, проживающих в Казахстане.В нашей многонациональной стране говорят более чем на 130 языках, и все национальные языки по Конституции равноправны.



**3 жүргізуші**:Good afternoon dear friends Our holiday dedicate today of Ianguages of the people living in Kazakhstan. In our multionational country speak more than 130 languages and national languages under the Constitution are equal.

1 оқушы :
Жататын биіктерде өлшемі тең
Біртұтас тауларымның бөлшегісің
Тағы да тіл жайында толғанайын
Жазуға құдіретіңді келсе күшім!
Түсермін отпен суға мен сен үшін,
Жатса да көп шындықты көмкеріп күн.
Тәуелсіз, нұрланды елім, азат күннен,
Аңсаған азаттықты қазақпын мен!
Кешелер, қайғымды айтып күңіренсем,
Жыр жазам, мен осынау- ғажап тілмен!

**1 – жүргізуші:** Қыркүйектің 22 – сінің Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні болып жариялануы аса маңызды әлеуметтік қадам. Тәуелсіз еліміздің қоғамдық өмірінде өзгеше орын алған бұл ұлт тілдеріне құрмет көрсетілетін ортақ мейрам. Қоғамдық тұрмыста өзгелермен өмір бойы ұғынысатын негізгі қатынас тілі – ана тілі. Ана тілі халықтың жазуы жоқ кітабы, мектебі жоқта ұстазы болған. Ана тілі халық өсіп, өркендесе дамиды да, халық жоғалса құриды.

2 – оқушы:
Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем
Ел бетіне қалай тура қараймын
Ана тілім – егер сені білмесем.
Ана тілім – дана тілім – бақ тілім
Сенсіз бақыт дүниеден тапты кім?
Сенсің менің қасіретім, шаттығым,
Сенсің менің тазалығым, пәктігім!

**2 –жүргізуші:*Для человека любой национальности, любой народности дорог и близок прежде мвсего родной его язык, язык его народа. Язык – бесценный дар, которым наделен человек. Язык – это душа народа, и без языкового признака нет нации, само человечество не существуетбезязыка.***

**3 жүргізуші:*For the person of any nationality of roads first of all all his native language.Language invaluable gift with which the person is allocated.He allows to learn laws of the nature and social development, to move forward science, equipment and art, to be acquainted with culture of other people, to transfer the thoughts and to tell about the reached success to descendants, to understand each other. Language is soul of the people, and without a language sign there is no nation,the mankind doesn't exist without language.***

Ән «Туған ел» - Қарлығаш

**1 жүргізуші**: ***Қазақстанұлан – байтақмемлекет. Өзбауырынажүзденасаұлттардысыйғызып отыр. ОларҚазақстанРеспубликасыныңАтаЗаңыбойыншатеңқұқықты, тәуелсізадамдар. Әрхалықөзтіліндесөйлеуге, оқуғақұқыбар. Солхалықтармендостықта, бірліктеөмір сүрейік. Әрқашанаспанымызашықболсын!***



3– оқушы :
Ойымды Ана тілмен оюлаймы
Жүректе Ана тілсіз қоюлар мұң
Құдіретті тілімнің арқасында
Ешқашан, жер бетінен жойылмаймын!
Сезімнің тілмен төгіп кестелерін,

Ғасырдан ғасырларға көшті өнерім!
Ұлтымның ана тілі ғой, Ар – таңбасы
Тіл өшпесе, менің де өшпегенім.
**2 – жүргізуші:** ***Дорог и близок каждому язык его народа, однако есть среди языков такой язык, который, как родной, близок и дорог людям. Это казахскйй язык. В этом году отмечаем***
***27 год, как казахский язык получил статус государственного языка.***
4- оқушы**:**
Посмотри – озарен, осиян
Встал одетый в лучи Казахстан,
От Тянь – шаня его простор
До Уральских яшмовых гор
У казахов своя страна
Свои земли на все времена,
У казахов сияет герб-
В солнце слитые молот и серп
**3 – жүргізуші:** Language of its is people is expensive and close to everyone, however there is among languages such language which as native, is close and expensive to people .It is the Kazakh language. This year we celebrate 18 years as the Kazakh language received the status of status of a state language.
Ән «Туған жерім – Қазақстан»
Күй орындалып, ортаға «Тіл ханшайымы» шығады
**Ханшайым:**
Абылай басын қосқан елдік тілі,
Қабанбай,Бауыржандай ерлік тілі
Бар тіл бұл әлемдік әл – Фарабиі
Шығыстан шыққан шипагерлік тілі
Адамзат атаулыға ұнайтыны,
Қазірден мәлім мәңгі сұрайтыны.
Айналған алтын қақпа ашылуға,
Бұл жаңа мұнайдағы мұнай тілі.
Кететін тау жаңғыртып алысқа әні
Бұл – Орта Азиялық Барыс тілі
Бұл «Алтын адам « тілі, сынға алған,
Тарихтың суығы мен бар ыстығы
**1 – жүргізуші**: ***Қазіргі қазақ тілі кез – келген әдебиетті басқа тілден аударуға, түрлі стилдерде***
***сөйлеп, жазуға мүмкіндігі мол, кемелденген тіл.Оғаан дүние жүзі ойшылдарының озық мәдениетінің үлгілері, мысалы, Пушкин, Толстой, Лермонтов, Крылов, Шекспир, Гюго, Бальзак шығармаларын өз тілімізде оқи алуымыз куә.***
***2- жүргізуші: Наше государство, возвышая статус казахского языка, не меньше внимания уделяет развитию языков других народов, проживающих на территории многонациональной***
***Республики: это руский, татарский, корейский, немецкий и другиеязыки.Руский язык является тем мостом, который не только связывает, но и духовно сближает наши народы.***
5- оқушы :
Если ты ищещь отрады цветник
Если нуждаешься в твердой опоре,
Выучи английский язык!
Он твой наставник великий, могучий
Он переводчик, он проводник,
Выучи английский язык

**3- жүргізуші:**Our state not less attention pays to development of languages of other people living in the territory of the multinational Republic : It is Russian, Tatar , Korean, German and other languages. Russian languages is that bridge which not only connects, but also spiritually pulls together our people.

Ән «Қазақ елі» - хор

**Қорытынды Дина апай**: Бүкіл адамзат қауымында ана тілін ардақтамайтын халық жоқ. «Ананды жоғалтсаң да, ана тіліңді жоғалтпа» деген ұран сөздің кімді де болса тебірентері хақ. Өзінің ана тілін білмеген жан – өз ұлтының әдет – ғұрпынан, салт – дәстүрінен мақұрым қалған жан. «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде». Мемлекеттік тілді және шет тілдерді үйренуіміз керек.Мынандай шарықтау заманда көп тілді игергенге ешкімнің таласы болмайтыны хақ. Сондықтан қазақ,орыс, және шет тілдерінің ішінде көбіне көп қолданылып жүрген ағылшын тілин жетік меңгерген ұрпақ өсіріп,оларға үлгі бола білу-бәсекеге қабілетті елдің берік іргесі мен кемел келешегінің кепілі

Осынау кешімізді Ф. Оңғарсынованың Отан туралы өлеңімен аяқтасам деп едім

«Отан деген не?»- дейсің, ұлым маған,
Ол – сенің ғұмырлы анаң
Жөргегіңнен жаныңа сіңіп қалған
Әнің мен жырың, балам!
Отан – үйдің ертеңі, қаны, жаны,
Өзіңдей сан ұланы
...Ұлым, сенсің, кең байтақ біздің үйдің
Кішкентай шаңырағы!

**Оқытушы:** Азанова С.У.
**Мамандығы:** «Бастауыш білім беру»
**Біліктілігі:** «Шетел тілінен бастауыш білім беру»
**Тобы: ШБ-41**-21
**Күні:** 21.09.2016ж.
**Сабақтың тақырыбы:** Мәңгілік елдің – мәртебесі тілі
**Сабақтың мақсаты:**Мәңгілік елдің – мәртебесі тілі
екенін кеңінен таныстыру, тілдің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосуға. елжандылыққа, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Слайд, кітап көрмесі

**Жүргізуші:** - Армысыздар, құрметті студенттер мен ұстаздар және қонақтар! 22 – қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күні, елімізді мекендейтін барша халық тілдерінің мерекесі. Әр ұлттың тілі – оның бақыт тірегі. Мемлекетіміздің Ата Заңында: «Қазақстан Республикасының азаматтарына нәсіліне, ұлтына, тіліне қарамастан құқықтық теңдікке кепілдік беріледі»- деп анық көрсетілген

Олай болса, төрткүл әлемге танылған қазақ тілі, даланың данасы, ұлттың ұлылары талғап, тамсанып, нәрін танып кеткен тіл – ана тілін насихаттай отырып, көп ұлтты тәуелсіз еліміздің асыл қазынасы, мемлекетіміздің төл мерекесі – тілдер күніне арналған «**Мәңгілік елдің – мәртебесі тілі**» атты дөңгелек үстел басындағы әңгімемізді бастаймыз.

Тәуелсіз, егемен елдің басты белгілерінің бірі – тіл. Әр халықтың аса бай рухани қазынасы – туған ана тілі. Туған тіл домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқан әуезділігі – шырқап салар әніндей. Оған қазақ халқының ұрпағы ғана емес, Қазақстанды мекендеп жатқан барлық халық үлес қосуы тиіс. Ол үшін ана тіліміздің қадір-қасиетін өзіміз білуіміз, дәріптеуіміз, насихаттауымыз керек.

Мемлекеттік тіл – зерделі қазақтың кеудесінен ешуақытта шықпайтын, күн тәртібінен түспейтін мәңгілік тақырып. Халқымыз үшін басты мәселе ұлты, ұлтының тілі, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, бір сөзбен айтқанда ұлттық құндылықтары. Тіл – біздің ең қымбат

қазынамыз. Біздің тіл - әйгілі би-шешендеріміз, атақты Жамбыл, Абай, Мұхтар, Ілияс сынды данагөйлеріміз сөйлеген тіл. Туған тілімізді жете білу арқылы өнер-білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жете аламыз. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде.

Ән **«Көк тудың желбірегені»**

**Мұғалім сөзі.**

**Дөңгелек үстел сұрақтары:**

1. «Қазақ тілі қоғамы» қашан құрылды. Оның себебі ?

2. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы қашан қабылданды?



3. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қашан жария етілді?

Бір мақсат – бұл

Бір мүдде – бұл

Бір болашақ – бұл

4. Тілді жасаушы – халықтың өзі.

5.Тіл тағдыры – ел тағдыры.

6. Үштілділік жаңа заман сұранысы

7. Ана тілің – анаң,

**Жауап:** 1990 ж 22 қыркүйекте «Қазақ тілі қоғамы» құрылды. Оның себебі тілімізді құрметтей отырып,
әр ұлт өкіліне үйрету. Ата бабамыздан мұра болып келе жатқан өз ұлттық туған ана тілі мізді шұбарлануына ешқандай жол бермей тап-таза күйінде ұрпаққа жеткізе білуіміз керек



**Жауап:** Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы 11 сайланған Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің кезектен тыс он жетінші сессиясында 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданған болатын. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1997 жылдың 7 шілдесінде Қазақстан Республикасының Парламенті «Тіл туралы» жаңа заң қабылдады. Еліміздің Ата заңының 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілген. Ол –заңдылық. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында:«Ұлттық тіл – қазақ ұлтының рухани, мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал» деп

баса көрсеткен болатын. Тіл –ұлттың аса ұлы игілігі, әрі өзіне тән ажырағысыз белгісі.

Елбасымыздың жарлығымен бекітілген«Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»тіл саясатын жүзеге асыру дағы маңызды тетіктердің біріне айналды.Тіл-ұлттың бетпердесін,ерекшелігін,қадір-қасиетін, ділін қалыптастыратын ең маңызды құрал.Қазақ тілін қадір тұтуға әрбір шаңырақ,әр адамның жеке басы борышты

**Жауап:**Президент 2014 жылы қаңтар айындағы «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды. Қазақ халқының мыңдаған жылғы тарихи тәжірибесінен, Тәуелсіз жылдары жүріп өткен қазақстандық жолдан туындаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жария етілді.

Бір мақсат – бұл «Мәңгілік Елді» нығайту, біздің Отанымыз – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту!

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті«,- деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық — тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл — Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз

«Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тонықөк негізін қалаған идея...» — екендігін жазған Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын

құрғаннан кейін Тонықөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда.«Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген

Бір мүдде – бұл біздің ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеген елде өмір сүруге деген талпынысымыз!

Бір болашақ – бұл Мәңгілік Елдің, біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының өркендеуі

**Жауап:**Тілді жасаушы – халықтың өзі. Тіл халыққа қызмет етеді. Ана тілін қадірлемеген халықтың болашағы жоқ. Қазақ тілінің байлығы, қазақ ұлтының байлығы. Осы байлықты бағалай білуіміз керек. Сонда ғана біздің Қазақстан кез-келген мемлекетпен иық теңестіре алады.

Тіл байлығы,тіл тазалығы-ұлт қасиетінің салт—сананың негізгі өнегесі,нағыз белгісі.Біздің тіліміз- көркем бай.Мәселе соны дұрыс пайдалана білуде.Өз тілінің сұлулығын сезбей,өзге тілдің сұлулығын сезіну екі талай.Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту-бүкіл ата-бабамызды тарихымызды ұмыту.

**Жауап** Тіл тағдыры – ел тағдыры. Тілі мен мәдениеті шалқыған халықтың ғана үні естіліп, даусы нық шығады. Олай болса, теңдікке қолы жетіп егемен болған бүгінгі Қазақстанның болмысы мен болашағы тілге байланысты. «Ана тілден айрылса қайран қазақ, аталғанмен ел болып қайтіп оңар» дейді ақын. Тілден айрылған ұлт жетелеген бұзау сияқты, көрінгеннің жетегінде кетпеу үшін қасиетті тілімізді сақтау, оны дамыту мойнымыздағы асыл парызымыз болуы қажет.

Тіл тағдыры –барша саналы қазақ азаматтарын толғандырып,кейбір жағдайда қынжылтып жүрген мәселе Тілге салғырт қарау – елге, оның болашағына, сонымен бірге өзінің де болашағына салғырт қарау. Тіл тазалығын сақтай алсақ – болашағымыз да жарқын деген сөз.

Қазақ тілі-нағыз қазақ барда ешуақытта жоғплмайды Қазақ тілінің қайнар бұлағы –халық ауыз әдебиеті.Бүгінгі жастарымыз түгілі,орта буынның өзі де сол негізден алыстап,рухани жұтаңдыққа душар болып отыр.Қазақ ұлтының осынау мұраларын қасиет санап,қастерлей білген ұрпақтың мерейі әрқашанда үстем болмақ.

Ұлт азаматы болып қалыптасу үшін ең алдымен ана тілін сүю парызың.Отан алдындағы қарызың.Әрине орыс,ағылшын және өзге тілдерді дамыту мәселесін қолдайтын боламыз.Мемлекеттік тілді ең алдыме біз жастар білуіміз қажет.Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезо«Кімде кім өз ана тілін,әдебиетін,өз елінің тарихын білмесе,бағаламаса,оны сауатты,мәдениетті адам деп санауға болмайды деген екен»

**Жауап:**Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың "Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі" деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы: "мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет" - деп етекше атап көрсеткен.

Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз.

Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде жүзеге асыру керек пе? Әрине, керек. Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі діңгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш діңгек керек емес. Бір діңгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан

уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Бірқатары осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптаса, енді бірі өз қарсылықтарын білдіруде.

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқасысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ

**Жауап**Ана тілің – анаң, сыйлап өтіңдер! – деп ақын жырлағандай, ана тілі – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпақты біріктіретін ең сенімді құрал. Жеке бір адам ұлт тілін жасай алмайды. Тіл – бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды. Ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам атануға болмайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді.Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілген кейінгі жылдарда бұқара жұртшылықта ана тілі үшін белсендік танытуда.

Тіліміздің мәртебесін арттыру үшін жүргізіліп жатқан іс-шараларымыз, рухани байлығымыз –ана тілімізді атадан балаға,ұрпақтан-ұрпаққа қалдырудың бір жолы

**Жүргізуші:** Сонымен қортындылай келе.Біздің тәуелсіз Қазақстанымыз –Мәңгілік, көп ұлтты ел. Бәріміз осы таңғажайып Қазақстанда тұрамыз және әралуан тілде сөйлейміз. Біздің елімізде достығымыздың, татулығымыздың, бірлігіміздің арқасында 100-ден астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді.

Тіл – халық тарихы, тіл – ұлттық қазына, тіл – біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз.

Қазақстан еліміз дамыған өркениетті 50 елдің арасынан орын алуымыз сіздердің ұлттық тәрбие мен тиянақты білімдеріңізге байланысты. Ертеңгі сіздер ұлтымыздың ізгі қасиеттерін, рухани құндылықтарын бойларыңа сіңіріп өз Жері мен Елін қорғай алатын ұлтжанды, мәдениетті болып өсулерің керек.

**Оқытушы:** Ескалиев Ж.Ж.
**Мамандығы:** «Дене тәрбиесі және спорт»
**Біліктілігі:** «Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі»
**Тобы:** ДТА-22
**Күні:** 23.09.2016ж.

**Тәрбие сағатының тақырыбы: «Тілім - менің тірегім».**

**Тәрбие сағатының мақсаты:** Оқушылардың «Тіл», «Отан» құндылықтары туралы түсініктерді кеңейту.

**Міндеттері:** - ана тілінің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- ана тіліне деген құштарлықты арттыру;
- ана тілін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу;

**Көрнекі құралдар:** оқулықтар, интерактивті тақта,слайдтар, дәптер, қатты қағаздан жасалған «Таным», «Ғұламалар», «Қазына» атты үш үлкен қақпа.

**Ақырыс**:
Тіл-қандай ұлтта,елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті.Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп,қалыптасады.Тіл-әрбәр елдің жаны.

**Ерсұлтан**:
Осыдан тура 25жыл бұрын-1989жылы 22 қыркүйек күні «Тіл туралы» заң қабылданған болатын.Бұл заңда Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі қазақ тілі,ал орыс тілі-ұлтаралық тіл деп бекітілген еді.

**Амандық**:
Ана тілім - ұраным,
Ана тілім - құралым.
Ана тілім болмаса,
Болмас еді жыр - әнім.
Ана тілім - елдігім,
Ана тілім - ерлігім.
Ана тілім болмаса,
Бүтінделмес кемдігім...



Сахналау
Ана тілінің маңыздылығын түсіндіру мен оқушылардың туған тілін жете білуге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақ сахмдастырылады.
Патша: - Тілдер патшалығына саяхат жасауды көптен көңіліме түйіп жүр едім. Соның сәті бүгін түскен сияқты. Мен қазақ тілі туралы білсем деймін.



**Оқытушы**: Сонау 5 - 6 ғасырдан бастап уақыт санына төтеп беріп, бүгінгі күнге дейін жеткен Орхон - Енесей, Талас сына жазулары қазақ тілінің кезінде өркендеп, гүлденген дәуренін айғақтайды.Ғұламалар қақпасы.**Оқытушы**:- Қазақ тілі - Әйтеке, Төле, Қазыбек билер сынды шешендердің, Абай, Жамбыл, Ахмет, Мағжан, Сәкен, Мұхтар сияқты алып ақын - жазушылардың, Қажымұқан, Бауыржан батырларың тілі. Қазақ тілі - қазақтың жоғын жоқтап өткен Ш. Уәлиханов пен Т. Рысқұловтай арыстың тілі.
**Шапағат**(Патша): - Туған тілім туралы өлең тыңдасам деймін.
**Әлишер**:
Туған тілім
Туған тілім - бабам тілі - өз тілім!
Туған тілім - анам тілі - өз тілім!
Туған тілім - далам тілі - өз тілім!
Туған тілім - адам тілі - өз тілім!
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып - ақ алыңдар.
Хатта:
О, хан ием!
Дұрыс сөйлей білуде өнер, жүйесін тауып сөйлеген сөз жүрекке жетіп, жүйені босатады. Сондықтанда тіл - тәтті. Жебе салған жара жазылар, балтамен оталған орман қайта өсер, бірақ тілдің жарасы жазылмас. Сондықтан да тіл - ащы.
(Сол уақытта қақпа ашылып, жасанды гүлдермен безендіріп жасаған бұлақ басынан «Ана тілім - қазынам» деген кітапты патша қолына алып, парақтай бастайды).
Патша: - Маған көмек қажет болды, кім көмектесер екен? Мына кітапта берілген мақал - мәтелді аяқтау керек.
1. Өз білмегеніңді кісіден сұра,
Үлкен болмаса,...
2. Өнер алды -...
3. Жіптің ұзыны, сөздің... жақсы.
4. Піл үшті,
Піл күшті емес,... күшті.
5. Отыз тістен шыққан сөз,
Отыз рулы... тарайды.
6. Жүйелі сөз - жүйесін табар,
Жүйесіз сөз -...

Патша: - Ойпырым - ай! Тілдің құдіреті осы де. Балалар, сіздерге үлкен рахмет. Мен барып үш ұлымды сынап көрейін.
(Мұғалім патша ұлдарын қалай сынағандығын айтып береді)
**Дәурен**:Әкесі 1 - ші ұлына қонаққа келеді. Тамақ салынып, ет асылады.
ӘКЕСІ: - Қарағым, ана етіңнен жақсы жерінен бір кесіп берші?
- Әрине, санның еті дәмді. Енді жаман жерінен кесіп берші, - деді
- Тіс өтпейтін сіңір ғой.
**Ақылжан:** Әкесі 2 - ші ұлынан да осындай сый - сыяпат көреді.
Содан соң**Нұрберген** 3 - ші ұлына келгенде де:
- Балам еттің жақсы жерінен берші, - дейді. Тіл береді.
- Енді жаман жерінен берші, - дейді. Тағы да тілден кесіп береді.
Әкесі:
- Мұның қалай балам, жақсы жерінен десем де, жаман жерінен десем де тіл кесіп бердің?
Баласы:
- Ой, әке - ай, жақсы да, жаман да ұрыс - керіс, өсек те осы тілден шығады.
- Екі елі ауызға төрт елі қақпақ дегендей, әр адам өз тіліне сақ болса, еш уақытта ұрыс - керіс болмас еді. «Басқа пәле – тілден».
Әкесі:
- Дұрыс екен, балам. Бүгін көп нәрсені ұққандаймын. Енді қайтайын. Айтарым ақылыңнан ажырама, - деген екен.

**ДӘЙЕКСӨЗ:**

- Сахналау арқылы және өзіміздің өмірден түйгенімізден ұққанымыздай тіл балаға ананың ақ сүтімен туылған сәтінен - ақ беріледі. Тіл адамды жақсы да, жағымсыз да көрсетеді. Тіл адамды өсіреді де, өшіреді де. Өйткені жанға жайлы жақсы сөздерді жиі айтсаң, адамдар арасында сыйлы боласың. Өз тіліңді жетік біліп, оны дамыта алсаң, сондай - ақ басқа елге барғанда туған тіліңде сөйлесең олар сондай халық бар екенін біледі. Демек халқыңды басқа ұлттарға танытасың, халқыңды өсіресің. Егер сенің ана тілің де ешкім сөйлемесе халқың өшеді - осы. Сондықтан да ақын С. Торайғыровтың:
«Сүйемін туған тілді, анам тілін,Бесікте жатқаным да - ақ берген білім», деген өлең жолдарын ұмытпағандарың жөн.

**Бекарыс:**

**«ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ»**

Жүрегімнің бөлшегі
Қаның, жаның - тілінде,
Арың, нәрің тіліңде.
Ұмтыл оны білуге.
Тілден алып ғибрат,
Құлшынасың білімге.

Ана тілің - ертегің,
Ана тілің - өркенің,
Ана тілің - ертеңің.
Қадірле ана тіліңді -
Жүрегіңнің бөлшегін.



**Өлең: Руслан Мамытов «Жаса, жаса қазақ тілім!»**

**Ақырыс,Ерсұлтан:**

Уақыт бөліп, көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін көп рақмет!

**Оқытушы:** Азанова С.У.

**Мамандығы:** «Дене тәрбиесі және спорт»
**Біліктілігі:** «Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі»
**Тобы:** ДТА-13

**Күні:** 23.09.2016ж.

**Тәрбие сағатының тақырыбы:** «Ана тілің – арың бұл»

**Тәрбие сағатының мақсаты:**

- Оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.
- Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында әрбір қазақстандықтың өмірдегі үштілдіктің маңыздылығы туралы айтқандай , студенттерге сөйлеу мәнерін үйретіп, үштұғырлы тілді дамытыту.
- Қазіргі жастарға қазақ трілінде сойлеуге тәрбиелеу.
- Студенттердің білімділігі мен біліктілігін арттырып, жас ұрпақты жетілдіріп, болашақ мамандарды даярлау.



**Ана тілің - арың бұл!**

Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Сіздерді 22 – қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күнімен құттықтаймыз! Бұл күн – аса маңызды күн. Сондықтан да бүгінгі мереке ана тілін ардақ тұтып, өз Отанын сүйетін әр адамның жүрегіне шуақ құятын мерейлі сәт. Біріншіден, бұл – біздің бәрімізге ортақ мереке. Екіншіден, тіл түсінісетін құрал болғандықтан, бұл мереке – татулықтың, береке, бірліктің бастауы.Үшіншіден, тіл – тарих тереңіне бойлатып, өнер бұлағына сусындататын рухани әлеміміздің сарқылмас бұлағы.

Тіл – ол адамның өмірінде де кездесетін қоғамдық құбылыс. Тарихта тілсіз қоғам жоқ. Адамзат бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы өмір сүреді. Ол қарым-қатынас - тіл.

Тіл ойлаумен, санамен тығыз байланысты. Ол өте ерте заманда пайда болған. Тіл қоғам өмірімен тығыз байланысты. Әр тіл экономикалық, саяси және географиялық жағдайларға байналысты пайда болып, дамып отырған. Тіл арқылы адамдар бір-біріне өз ойларын, арманын, сезімін жеткізеді.

Тіл – бұл халық тарихы, тіл – бұл ұлттық қазына, тіл – біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз.

**Өлең:**

Ана тілің арың бұл!
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.
***
Тіл дегенім – түсіністік құралы,
Тіл арқылы адам бәрін ұғады.
Татулық та, бірлік, достық, береке,
Бәрі, бәрі осы ұғымға сияды.
Ақыл – ойын дананың,
Ана тілден аламын.
Ана тілім ардақты,
Ақ сүтіндей ананың.

**Бейбарыс**

Жігіт бірде кедейленер, байыр да,
Ақ атымды, қанатымды қайырма.
Айрылсам да қымбатымнан талай бір
Уа, тағдырым, тек тілімнен айырма. (Қ. Толыбаев).
***
Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ. (Ғ. Мүсірепов)

**Дәметкен**

Қазақ тілім – саялаған нұр бағым,
Қазақ тілім – ана тілім ардағым.

Сен арқылы жетіп жатыр өмірге,
Жан сырларым, тілегім, бар арманым.
**Пәкизат**
Ана тілі – біздің туған анамыз,
Анамыздай сыйлап, бағып – қағамыз,
Ана тілін бағаласақ қалай біз,
Өзіміздің сондай болмақ бағамыз.
***
Ойымның нәрі – Ана тілі,
Тойымыздың сәні – Ана тілі.
Даңқымның тауы – Ана тілі,
Халқымның ары – Ана тілі.
**Жүргізуші:**
Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Яғни, қазақ баласына ананың сүтімен сіңген тіл.
1989 жылғы қыркүйектің 22-сі күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болды.
1997 жылы шілденің 7-сі күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» жаңа Заң қабылданды. Бұл заң бойынша қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілі болып есептеледі.
Қай кезде болмасын, өз елінің әрбір азаматы Отанының заңдары мен салт-дәстүрін білуге және құрметтеуге міндетті.
**Өлең:**
Ежелден атам мирас еншіміз де,
Сөйлесер болашақпен елшіміз де.
Халқымыз қазақ тілі қазынасы,
Қастерлеп жайнатар деп сенсін бізге.
**Ғасырбек**
1. Ана тілің алпыс тілге татиды.
2. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгүрт.
3. Тіл мәртебесі - ел мәртебесі.
4. Тіл - достықтың алтын көпірі**.**
**Райгүл**
Ең тәтті де тіл,
Ең ащы да тіл.
Ең жұмсақ та тіл,
Ең қатты да тіл.
**Санат**
Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнін. (С.Торайғыров).
**Ақмарал**
1. Тіл - ұлттың сүйенетін тамыры, сыйнатын тәңірі.
2. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.
3. Тілі өлген ел - тірі өлген ел.
4. Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Тілден тілдің кеңдігі болмағанымен, кемдігі жоқ.
**Рашид**
Ана тілім!
Қазақтығым, Елдігім!
Жылап айтсам, артық болмас ендігім.
Сүйсем егер Біржан-Мәди әндерін,
Ұлтшылсың деп, айтар маған енді кім?!
**Жүргізуші:**

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Сондықтан бұл мереке – Қазақстанда тұрған барша ұлт өкілдеріне ортақ мейрам.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын негізгі құрал. Сол себептен де біз тіл халықтар арасындағы достықтың, береке-бірліктің тірегі ретінде құрмет тұтамыз.

Қазақстанда қазақ тілімен қатар басқа да тілдер еркін дамып келеді. Түрлі ұлттық мәдени орталықтар жұмыс істеп, ағылшын, түрік, орыс, неміс т.б. тілдерде оқытатын мектептер бар.

**Ерген**

Сүтпен сіңген жан дүнием, санама,
Тілім үшін қарыздармын анама.
Шамам кесе, талай тілді меңгеріп,
Алмақшымын, өңгеріп ой-санама!
Қазақ тілі – қасиетті асылым,
Сөз семсерім, алмас жүзді – жасыным.
Шұбарланған шақтарыңды көрдім де,
Қапаланып арландым да, жасыдым. (Ерғазы Жазықбаев)

**Нұржас**

1. Өз тілің - бірлік үшін, Өзге тілің - тірлік үшін.
2. Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді.
3. Тіл қоса алар жер мен көктің арасын, тіл айырар анасының баласын.
4. Тіл ақылдың - өлшемі.

**Ерназар**

Жанбасам да, жансам да.
Туған тілде сайраймын.
Мылқау болып қалсам да,
Туған тілде ойлаймын. (М.Әлімбаев)

**Нұрбикет**

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшше тілім, мен де бірге өшемін.

**Дәметкен**

Қазақ тілі – өз тілім, анам тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым, бағытым, дара тілім.

**Жүргізуші:**



Жер шарында тіл көп. Олар: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, неміс тілі т.б. Адамзат өміріндегі аса маңызды тілдер: ағылшын, француз, орыс, испан, қытай, араб тілдері болып табылады. Осы 6 тілдің кез-келгенінде мемлект аралық, ғылыми және мәдени қарым-қатынастар жүргізіліп, халықаралық кездесулер мен әлемдік деңгейдегі жиналыстар өткізіледі.

« Басқа тілді білгенің – екінші өмір сүргенің» деп халық даналығы бекер айтпаған. Дүние жүзінде 5 мыңнан аса тіл бар. Сондықтан да халықаралық тілдердің маңызы зор.

Аңыз бойынша ерте заманда адамдар Вавилон мұнарасын салып бітіре алмаған. Олар әрі мықты, әрі күшті болған. Құрылыс материалдары да жеткілікті еді. Бірақ істері алға баспаған. Себебі олар әр тілде сөйлеген. Сондықтан да бір-бірін түсінбеген. Оларда жалпыға бірдей түсінікті халықаралық тіл болмаған.

Сондықтан да әр адам – ана тілін қадірлеуге міндетті. Оны шұбарлап сөйлеуге жол бермеуі қажет. Ана тілі –ар өлшемі. Тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Тілшілердің зерттеуі бойынша жас балалар -3500 сөз, жасөспірімдер – 9000 сөз, ересектер – 12000-14000 сөз қолданады екен.

Тіл байлығы – әр елдің мақтанышы. Ол ата-анадан балаға мирас болып қалатын баға жетпес мұра.

**Назерке**

«Тіл»    Қабыл Боранбаев
Ащы, бірде тәттісің,
Жұмсақ, бірде қаттысың.
Жарылқайсың досыңды,
Жасытасың жат күшін.
Тапқыр тілім қайдасың?
Көрсет сөздің пайдасын.
Жақсылықты жаңғыртып,
Үнің әсем сайрасын.
Жамандыққа жанассаң,
Отыз тілім шайнасын.

**Ұлмекен**

Үйде, түзде басқа тілде сөйлесек,
Қайтеміз біз тілімізге шөлдесек?
Өзімізді өзіміз қорлағандай боламыз,
Қошеметтен басқаны біз «жөн» десек.
Бір қазағым орысшалап бастайды,
Екіншісі шатып-бұтып қоштайды.
Қайран қазақ, «Дәрежеге жеттік» деп,
Өз тілінде жағын мүлде ашпайды.

**Ғабит**

1. Тіл жүйрік емес, ой жүйрік.
2. Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады.
3. Сөз қадірін білмеген - өз қадірін білмейді

**Айзада**

Асан қайғы, Жиренше,
Сөйлеп кеткен қазақ тіл.
Жәнібек пен Қойлыбай,
Сыйлап өткен ғажап тіл.
Ата-анамыз әлдилеп,
Уатқан бізді баба тіл.
Сол туған тіл атауы –
Ежелгі біздің туған тіл.
Осы тілді жек көрген,
Дүниеден қалар құл.
Бағаласаң шынымен
Баба тілің – шын асыл.

**Тойлыбек**

Тілім менің!
Тілім үшін мың өліп, тірілді елім.
Аралыммен арыммен қатар қойып,
Тілді қорғау – парызым бүгін менің.

**Құндызхан**

Ана тілім, жүрегісің анамның,
Жүрек – ана, мен өзіңнен жаралдым.
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,
Сенсіз маған керегі жоқ ғаламның.
Сенің арқаң қанып ішсем тұнықтан,
Сенің арқаң дүниеден сыр ұқсам.
Анашымды ұмытқаным емес пе?
Ана тілім, егер сені ұмытсам!

Сенің әрбір тынысыңнан күн көрем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдессем.
Ел бетіне қалай тура қараймын?
Ана тілім егер сені білмесем!

**Жеңіс**

1. Ми ойлағанды тіл тындырады.
2. Құлаққа кірген суық сөз, көңіліңе барып мұз болар.

**Бахтыяр**

Дүниеде қос қазақ жоқ, ол біреу,
Қазақ үшін Қазақстан – ел біреу.
Қазақ деген тұзды Каспий тағдыры,
Қазақ деген Ақ Жайық боп мөлдірлі.

Екеу емес қаны қазақ бір ұлт бар,
Тағдыры мен тарихы бар ғұрып бар.
Шамырқансаң қақ айырып Қап тауын,
Шабыттанса ши үнінен сыр ұрттар,
Қазақ біреу!

Жүргізуші.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекттіңжаңа саяси бағыты» атты Жолдауында әрбір қазақстандықтың өмірдегі үштілдіктің маңыздылығы туралы айтты. Қақстан бүкіл әлемде халқы үш тілде пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл және ағылшын тілі –жаһандық экономикаға кірігу тілі», - деп тілдердің қоғам өміріндегі орны мен рөлін айқындап береді.

**Тіл туралы ой пікір:**

Халық бар жерде тіл бар. Тіл бар жерде өнер бар. Өнер бар жерде жанкүйер бар. Әр халықтың ана тілі - оның бақыты, оның қуанышы.

Халықтың қуаты - тілдің қуаты. Біз ана тілімізді ең айтқыш, ең білгір, ең бай тілдердің біріне айналдыруымыз керек

Туған тілің мақтан ету, оны таза сақтау, оның өрлеп, өсе түсуіне еңбек сіңіру - әрбір қазақ отбасының жүрегі.

**Жүргізуші:**

Қазақ тілі аса бай, икемді тіл. Қалай исең, солай иіле береді. Орамын, бұрымын тауып, қисынын, орайын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, ағаш, текемет оюға болады - ау. Бұл тілден май тамады десе де сыяр. Халықтың тіліне жырына құлақ салсаң, небір алуа - шекер балдай татитын нәріне әсте тоймайсың.

Ана тілі - адам болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп - өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана тілі жүректінің терең сырларын, халық тарихының барлық кезеңдерін, жанның барлық толқындарын ұрпақтан - ұрпаққа сақтап отыратын қазына.

Міне осылай «Ана тілің – арың бұл» атты тәрбие сағатымызды қортындылай кететін болсақ мемлекеттік тіліміз, ана тіліміз, жалпы тіл мағынасының қаншалықты қастерлі екенін санамызға сіңіріп, ұғынып біліп жатырмыз.

**Оқытушы:** Калиева С.А.
**Мамандығы:** «Негізгі орта білім»
**Біліктілігі:** «Математика мұғалімі »
**Тобы:** МБ-11
**Күні:** 23.09.2016ж.

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік* ***Әнұраны*** *орындалады.*

*Топ жетекшісінің сөзі.*



**Жадыра**: Армысыздар, құрметті ұлағатты ұстаздар мен студенттер!

Ана тілім, Жүрегісің анамның
Жүрек-ана, Мен өзіңнен жаралдым
Сағат сайын саулығыңды тілеймін
Сенсіз мынау керегі не ғаламның!
Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.

**Наргиза**: Кенің бай, кемелің мол туған тілім,
Дыбыстың теріп сөз ғып буған гүлін.
Қайырған қайдағыны жүйрік ең сел
Мен қосып, құтыла алмас құсам білім.

**«Ана тілім - арым менің»** атты мерекелік шарамызға қош келдіңіздер!

**Жадыра**: Мәнерлеп оқу. Төребаева Махаббат «Қазақ тілі»

**Наргиза**: Мәнерлеп оқу. Магзамова Венера «Қазақ тілі»

**Жадыра**:Еліміздің болашағы жастар тәрбиені ұлттық мектептен алады. Өкінішке орай, оны көптеп жабу, қысқарту орын алғаны белгілі.Соңғы 30 жылда 700 ден аса қазақ мектебі жабылды.

Үш тілге ену 2012 жылы қабылданған. Үш тілге көшеміз деп өзіміздің ана тіліміз қалып бара жатыр. Қазіргі таңда Қазақстанда тұрып жатқан адамдар қазақша сөйлеу қажет!

**Жадыра**: Наргиза, қалай ойлайсын қазіргі бүлдіршіндер қай тілді бірінші меңгергені дұрыс?

**Наргиза**: Менің ойымша, қазақ тілі – ана тілім, ал орыс тілі ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – қатынас тілі.

**Жадыра**: Дұрыс айтасын, алайда қазіргі таңда ата – аналар балаларының басқа тілде сөйлегенін қалайды.

**Көрініс** «Мектепке бару»

**Наргиза**: Топтың жас ақыны - Қылышбай Ақнұр өз туындысынан өлең оқиды, қабыл алыңыздар.

**Жадыра**: Жұмашова Жанеркенің орындауында «Туған жер» әні, қабыл алыңыздар!

**Наргиза:**



Тілім менің,
Тілім үшін мың өліп тірілді елім
Аралыммен,
Аралыммен қатар қойып
Тілді қорғау- парызым бүгін менің
Ендігі кезекті сөз шеберлеріне берейік.

*(Мөлдір, Айнұр, Динара, Х.Ләззат, Айғаным, Жаңылхан, Жаңылсын, Гүлдана, Жадыра, С.Ләззат, Нуржамал, Жарқынай)*

**Жадыра**:

1989 жылы қыркүйектің 22-сі күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер» туралы заң қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. 1997 жылы шілденің 11-і күні жаңа «ҚР тілдер» туралы заң қабылданды.

**Наргиза:** ҚР тіл туралы Заңына қысқаша тоқталу үшін Магзамова Венераны шақырамыз.

**Жадыра:** Әуезов, Абайды Өткен дәріс тілі
Тіл қатқан Тоқтар, Талғат ғарыш тілі
Қанша заң қабылдаймыз жетер енді
Етілсін мемлекеттік әр істе үні

**Наргиза:**Туған тіліңді қорғау- Отаныңды қорғаудан да маңызды.отаныңды жау басып алса, ол ерте ме, кеш пе , әйтеуір азат етеріңе сенесің. Ал тілің жауланса-бітті. Басқа тілге көшіп, туған тіліңді ұмытып, қайта оралуға мойны әсер бермейтін жалқаулар, өзіңе ұқсас түрі ғана ұқсайтын қандастарың жаудан бетер қарсыласады. Бұдан асқан қасірет болмақ емес.

**Жадыра:** Бейнебаянға назар аударайық.

**Наргиза:** Өз тілімізді құрметтейік, достар!
**Жадыра:** Көрініс
**Наргиза:** Мәнерлеп оқу.Сердармергенова Лаззат «Мұхтарға арнау»
**Жадыра:** Тобымыздың биші қыздарын қарсы алайық. «Қазақ» биі
**Наргиза:** Ата – анамыздың мереке күніне жолдаған бейнебаянына назар аударайық!
**Жадыра:**
Құрманғазы, Тәттімбет домбырамен сайраған,
Жүрекке от жақсын деп,
Абай, Жамбыл, сал Біржан,. ...
Жігер беріп күй деген, демекші күй. Төребаева Махаббат «Нарағаш»
**Наргиза:** Хор. Атамекен
**Жадыра:**
Мерекелік шарамызды Маңғаз Маңғыстауымыздың салт – дәстүрі мен тілін құрметтеу мақсатында Төребаева Махаббаттың «Маңғаз Маңғыстау» мәнерлеп оқуымен аяқтаймыз.




**Наргиза:** Қатысушы оқытушылардың жылы лебізін тыңдасақ.
**Жадыра:**
Танытқан қазағымның қазақтығын
Танытқан қазағымның азаттығын
Танытқан қазағымның ғажаптығын
Айналдым құдіретіңнен қазақ тілім.
**Наргиза:** Осымен мерекелік шарамыз аяқталды. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын!

**Оқытушы:** Азанова С.У.
**Мамандығы:** «Бастауыш білім беру», «Негізгі орта білім»
**Біліктілігі:** « Бастауыш сыныпта ағылшын тілінің мұғалімі», «Математика мұғалімі»
**Тобы:** МБ-11, ШБ-11
**Күні:** 23.09.2016ж.

**Сабақтың тақырыбы:** Тілдің –ұтқырлығы,Білімнің –тапқырлығы
**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына,мемлекеттік тілімізді сүюге,мемлекеттік тілді аяққа баспай,мәртебесін биік ұстауға тәрбиелеу.
**Сабақтың көрнеілігі:Слайдтар**
**Сайыс сабақтың жоспары**
**Сайыс 8 кезеңнен тұрады**
**1- кезең** таныстыру
**2 -кезең** Бәйге /сұрақ жауап/
**3- кезең** Зерек болсаң зерделе/экранда берілген суреттерге мақал құрастырып айту керек/
**4 -кезең Дәйексөз**
**5-кезең Ойлы болсаң озып көр/экранда**
6 сұрақ шығады сұрақтарға жауап беру керек/
**6-кезең Үштілділікке арналған жұмбақтар**
**7-кезең Тілдің ұтқырлығы**
**8 кезең Жекпе-жек**
**1-кезең таныстыру**



**2-кезең«Бәйге»**
Сонымен, бірінші сайыста әр түрлі сұрақтар қойылады. Әрбір дұрыс жауапқа 5 ұпайдан қойылады. Әр кезеңнен соң әділқазылар алқасы ұпай санымен таныстырып отырады. Сонымен бірге бір - бірлеріңе кедергі жасамауларыңызды сұраймын.

**1 – топқа**

1.ҚР - ның мемлекеттік тілі қай тіл?/қазақ/
2.Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе қай жылы берілді?/1989 қазан айында/
3. Қазақ тіліндегі әріптердің реті бойынша жиынтығын не дейміз?
/альфавит/
4.”Кел, балалар, оқылық” өлеңінің авторы кім? /Ы.Алтынсарин/
5. Қазақ тіліне ғана тән әріптер саны нешеу?
6.Қ.Р .қашан тәуелсіздік алады? 42
7. Орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген ақын? /Абай/
8. Шығыс ғұламасы Әл-Фараби нешеге жуық тілді меңгерген? / 70 тен астам/
9. Қандай ұлттық тағамдарды білесің?/қазы –қарта ,жал-жая,бесбармақ,қымыз,шұбат./
10. Күй атасы кім? /Құрманғазы/

**2-топқа:**

1. Қазақ тілі алғаш мемлекеттік мәртебесін қай жылы алды? /1989 ж./
2. Жетпіске жуық тіл білген Шығыс ғұламасы? / Әл-Фараби/
3. Ақылды сөзінің түбірі? /ақыл/
4. Қазақ алфавитін жасаған ғалым кім? /А.Байтұрсынов/
5. Ұлттық киімдер қалай аталады? /тақия,бешпент,камзол,сәукеле,тон ішік,кимешек т.б./
6. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар қандай тілдерді меңгерген? /парсы, араб тілдерін меңгерген/
7. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін ата? /шілдехана,бесік той,тұсау кесу,құда түсу,келін түсіру,қыз ұзату/
8. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? /түркі тілдес/
9.«Көшпенділер» трилогиясының авторы кім? /І.Есенберлин/
10. Қазақстанда екі адам атымен аталатын қандай темір кен орны бар? /Соколов-Сарыбай/

**3 кезең Мақал -мәтел Зерек болсаң зерделе/экранда берілген суреттерге мақал құрастырып** айту керек.

**4-кезең Дәйек сөз**

«2 жұмбақ»
(Оқушылар берілген үзіндінің қай шығармадан екенін анықтап, қандай салт –дәстүрдің бар екенін анықтауы керек.)
- Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, тоғызыншы ұлым бір төбе. Кенжекейің тоғызыншы ұлымдікі болсын, - деп бай тоғыз қызға қандай салт-дәстүрдің түрін жасап келіпті? (Қай шығармадан алынған (“Ер Төстік”ертегісі, құда түсу)



**4 кезең Дәйексөз**

- Мен айыптымын, менен бір қателік болды, шайтанның азғырғанына ердім. Оған себеп – мына уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер қылар. Сен енді іргеңді көтер, бөтен елге көш деп, - хан өзінің досына разы болып, бірнеше түйеге асыл заттар арттырып, мал беріп, досын Ақша ханның еліне көшіріп салады.
(Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?) ( «Аяз би» ертегісі, енші беру)

**5-кезең Ойлы болсаң озып көр**/экранда 6 сұрақ шығады сұрақтарға жауап беру керек/ кім бұрын?

Жылататын да, жұбататын да не? /Тіл/
Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі қандай тіл? /ұлтаралық қарым-қатынас тілі/
Орыс тілі – ұлтаралық қарым - қатынас тілі,ал ағылшын тілі қандай тіл?/жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі/
Қай тілді дамытамыз ?/қазақ тілін/
Қай тілді қолдаймыз ?/орыс тілін/
Қай тілді үйренеміз? /ағылшын тілін/

**6-кезең Үштілділікке арналған жұмбақтар**

**1 топқа**

1.Үндемес серік, ақылы берік
Кітап-книга-book
2..It is running night and day But it never runs away
Aclock – сағат – часы
3.Не лает, не кусает, в дом не пускает
замок – кілт - lock
4.This is a house with one window in it Shows films nearly every minute
Television – телевизор – теледидар
5.Толыпкеліп, боскетеді
Қасық – ложка – spoon
6.Сидит красавица в темнице, а коса на улице
Морковь – сәбіз - carrot

**2 топқа**

1Жемге ауыз салса – ұтылғаны, айналып өтсе құтылғаны
Балық – рыба – fish
2Сидит дед во сто шуб одет Кто его раздевает – тот слезы проливает
лук – пияз– onion
3.A little old woman with 12 children: some short, some long, some cold, some hot What is it?
A year – жыл - год
4Үйүстіндеұсақтас, ұстайындесемұстатпас
Жұлдыз – звезды – stars
5.Два кольца, два конца, а посередине гвоздик
Ножницы – қайшы - scissors
6.My uncle has a brother. He is not my uncle. Who is he?
My father – әке – папа

**7- кезең Тілдің ұтқырлығы 1 топқа**

**ҚАЗЫНА ҚАҚПАСЫ**

**ПАТША:** ашуланып - Менің кім екенімді білмейді - ау, шамасы, - деп қақпаны өзі итереді. Бәрібір ашылмайды. Ол қақпа есігін қағады, сонда арғы жағынан қағаз түседі. Нөкері ашып оқиды:
Дүниеде не ащы?
Дүниеде не тәтті?
**ПАТША:** - Мұның мәнісі неде? - деп сұрайды.
О, хан ием!
Дұрыс сөйлей білуде өнер, жүйесін тауып сөйлеген сөз жүрекке жетіп, жүйені босатады. Сондықтанда тіл - тәтті. Жебе салған жара жазылар, балтамен оталған орман қайта өсер, бірақ тілдің жарасы жазылмас. Сондықтан да тіл - ащы.
**ПАТША:** - Ойпырым - ай! Тілдің құдіреті осы де. Балалар, сіздерге үлкен рахмет.
Мен барып үш ұлымды сынап көрейін.

**7- кезең Тілдің ұтқырлығы 2 топқа тапсырма**

**Патша ұлдарын қалай сынаған**

**Әкесі** 1 - ші ұлына қонаққа келеді. Тамақ салынып, ет асылады.
ӘКЕСІ: - Қарағым, ана етіңнен жақсы жерінен бір кесіп берші?
- Әрине, санның еті дәмді. Енді жаман жерінен кесіп берші, - деді
- Тіс өтпейтін сіңір ғой.
Әкесі 2 - ші ұлынан да осындай сый - сыяпат көреді.
Содан соң 3 - ші ұлына келгенде де:
- Балам еттің жақсы жерінен берші, - дейді. Тіл береді.
- Енді жаман жерінен берші, - дейді. Тағы да тілден кесіп береді.
**ӘКЕСІ:**
- Мұның қалай балам, жақсы жерінен десем де, жаман жерінен десем де тіл кесіп бердің?
**БАЛАСЫ:**
- Ой, әке - ай, жақсы да, жаман да ұрыс - керіс, өсек те осы тілден шығады.
- Екі елі ауызға төрт елі қақпақ дегендей, әр адам өз тіліне сақ болса, еш уақытта ұрыс - керіс

болмас еді. «Басқа пәле – тілден».
**ӘКЕСІ:**
- Дұрыс екен, балам. Бүгін көп нәрсені ұққандаймын. Енді қайтайын. Айтарым ақылыңнан ажырама, - деген екен.

**8- кезең"Жекпе жек"** (Әр топтың жетекшілері шығып берілген «данышпан», «ақылсыз» сөзіне кім көп сөздер құрайды.)

**1 – топқа**

1.ҚР - ның мемлекеттік тілі қай тіл?
2.Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе қай жылы берілді?
3. Қазақ тіліндегі әріптердің реті бойынша жиынтығын не дейміз?
4."Кел, балалар, оқылық" өлеңінің авторы кім?
5. Қазақ тіліне ғана тән әріптер саны нешеу?
6.Қ.Р .қашан тәуелсіздік алады?
7. Орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген ақын?
8. Шығыс ғұламасы Әл-Фараби нешеге жуық тілді меңгерген?
9. Қандай ұлттық тағамдарды білесің?
10. Күй атасы кім?

**2-топқа:**

1. Қазақ тілі алғаш мемлекеттік мәртебесін қай жылы алды?
2. Жетпіске жуық тіл білген Шығыс ғұламасы?
3. Ақылды сөзінің түбірі?
4. Қазақ алфавитін жасаған ғалым кім?
5. Ұлттық киімдер қалай аталады?
6. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар қандай тілдерді меңгерген?
7. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін ата?
8. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?
9.«Көшпенділер» трилогиясының авторы кім?
10. Қазақстанда екі адам атымен аталатын қандай темір кен орны бар?



**4-кезең Дәйек сөз**

«Алты жұмбақ»

(Оқушылар берілген үзіндінің қай шығармадан екенін анықтап, қандай салт –дәстүрдің бар екенін анықтауы керек.)

- Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, тоғызыншы ұлым бір төбе. Кенжекейің тоғызыншы ұлымдікі болсын, - деп бай тоғыз қызға қандай салт-дәстүрдің түрін жасап келіпті? (Қай шығармадан алынған? Қандай дәстүр бар? )

**4 кезең. Дәйексөз**

- Мен айыптымын, менен бір қателік болды, шайтанның азғырғанына ердім. Оған себеп – мына уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер қылар. Сен енді іргеңді көтер, бөтен елге көш деп, - хан өзінің досына разы болып, бірнеше түйеге асыл заттар арттырып, мал беріп, досын Ақша ханның еліне көшіріп салады.

(Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар? )

**6-кезең Үштілділікке арналған жұмбақтар**

**1 топқа**

1.Үндемес серік, ақылы берік
2..It is running night and day But it never runs away
3.Не лает, не кусает, в дом не пускает
4.This is a house with one window in it Shows films nearly every minute
5.Толып келіп, бос кетеді
6.Сидит красавица в темнице, а коса на улице

**2-топқа**

1Жемге ауыз салса – ұтылғаны, айналып өтсе құтылғаны

2Сидит дед во сто шуб одет Кто его раздевает – тот слезы проливает
3.A little old woman with 12 children: some short, some long, some cold, some hot What is it?
4Үйүстіндеұсақтас, ұстайындесемұстатпас
5.Два кольца, два конца, а посередине гвоздик
6.My uncle has a brother. He is not my uncle. Who is he?

**7- кезең Тілдің ұтқырлығы**

**1 топқа**

**ҚАЗЫНА ҚАҚПАСЫ**

**ПАТША:** ашуланып - Менің кім екенімді білмейді - ау, шамасы, - деп қақпаны өзі итереді. Бәрібір ашылмайды. Ол қақпа есігін қағады, сонда арғы жағынан қағаз түседі. Нөкері ашып оқиды:
Дүниеде не ащы?
Дүниеде не тәтті?
**ПАТША:** - Мұның мәнісі неде? - деп сұрайды.
О, хан ием!
Дұрыс сөйлей білуде өнер, жүйесін тауып сөйлеген сөз жүрекке жетіп, жүйені босатады. Сондықтанда тіл - тәтті. Жебе салған жара жазылар, балтамен оталған орман қайта өсер, бірақ тілдің жарасы жазылмас. Сондықтан да тіл - ащы.
**ПАТША:** - Маған көмек қажет болды, кім көмектесер екен? Мына кітапта берілген мақал - мәтелді аяқтау керек.
1. Өз білмегеніңді кісіден сұра, Үлкен болмаса,...
2. Өнер алды -...
3. Жіптің ұзыны, сөздің... жақсы.
4. Піл үшті, Піл күшті емес,... күшті.
5. Отыз тістен шыққан сөз, Отыз рулы... тарайды.
6. Жүйелі сөз - жүйесін табар, Жүйесіз сөз -...
**ПАТША:** - Ойпырым - ай! Тілдің құдіреті осы де. Балалар, сіздерге үлкен рахмет.
Мен барып үш ұлымды сынап көрейін.

**2 топқа тапсырма**

**Патша ұлдарын қалай сынаған**

**Әкесі** 1 - ші ұлына қонаққа келеді. Тамақ салынып, ет асылады.
ӘКЕСІ: - Қарағым, ана етіңнен жақсы жерінен бір кесіп берші?
- Әрине, санның еті дәмді. Енді жаман жерінен кесіп берші, - деді
- Тіс өтпейтін сіңір ғой.
Әкесі 2 - ші ұлынан да осындай сый - сияпат көреді.
Содан соң 3 - ші ұлына келгенде де:
- Балам еттің жақсы жерінен берші, - дейді. Тіл береді.
- Енді жаман жерінен берші, - дейді. Тағы да тілден кесіп береді.
**ӘКЕСІ:**
- Мұның қалай балам, жақсы жерінен десем де, жаман жерінен десем де тіл кесіп бердің?
**БАЛАСЫ:**
- Ой, әке - ай, жақсы да, жаман да ұрыс - керіс, өсек те осы тілден шығады.
- Екі елі ауызға төрт елі қақпақ дегендей, әр адам өз тіліне сақ болса, еш уақытта ұрыс - керіс болмас еді. «Басқа пәле – тілден».
**ӘКЕСІ:**
- Дұрыс екен, балам. Бүгін көп нәрсені ұққандаймын. Енді қайтайын. Айтарым ақылыңнан ажырама, - деген екен.

**8- кезең“Жекпе жек”** (Әр топтың жетекшілері шығып берілген «данышпан», «ақылсыз» сөзіне кім көп сөздер құрайды.)



**Оқытушы:** ТасжановаМ.Ж., Дуйсенова Қ.Е.

**Мамандығы:** «Бастауыш білім беру», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Негізгі орта білім»

**Біліктілігі:** « Бастауыш сыныпта ағылшын тілінің мұғалімі», «Математика мұғалімі», «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі»

**Тобы:** МБ-11, ШБ-11, МДА-13

**Күні:** 23.09.2016ж.

**Сабақтың тақырыбы:** Үштілділік - заман талабы

**Сабақтың мақсаты:**

Оқушыларды ана тілімізді құрметтеуге тәрбиелеу. Тіл біздің ертеңіміз, бабалардан қалған мұра екенін түсіндіру. Елбасымыздың үштілділік жоспарын іске асыру мақсатында ана тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуге баулу.



**Сабақтың түрі**:дәстүрлі емес,пресс-конференция сабағы

**Сабақтың технологиясы**: дамыта оқыту технологиясы, білім беруді ізгілендіру технологиясы

**Сабақтың әдіс-тәсілдері**: сұрақ-жауап, әңгімелесу, жалпылау-жалқылау

**Сабақтың көрнекілігі**: интербелсенді тақта, нақыл сөздер жазылған плакаттар, презентация, т.б.

**Пәнаралық байланыс**: тарих, орыс тілі, ағылшын тілі, қазақ әдебиеті, музыка

**Сабақтың барысы:**

**Оқытушының сөзі:**

Сәлеметсіздер ме, құрметті пресс-конференцияға жиналған қонақтар! Мемлекеттік тіл туралы Заң 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданды.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі – Қазақ тілі. Баршаңызды 22 қыркүйек – ҚР халықтарының тілдері күні мерекесімен құттықтаймыз. Сабақтан тыс шарамызды атаулы күнге арнап отырмыз. Бүгінгі біздің сабақ пресс-конференция түрінде өтеді. Пресс-конференцияға қатысатын «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім алатын МДА-13 және «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша оқитын ДТБ-11 топтарының І курс студенттері. Осы студенттерді біздер тілшілер, журналистер, ғалымдар деп бөліп жұмыс жүргізетін боламыз. Ғалымдарымыз баяндамаларын оқиды, соған сәйкес тілшілер тарапынан бірізді сұрақтар және бейне сұрақтар қойылады. Ал журналистер өздерінің жазатын мақаласының тезисін жазып, конференцияның соңында қорытынды пікір айтатын болады.




Ендеше, таныс болыңыздар.

**Ғалымдар:**

1. Тілекбаев Адайбек Сүйініщұлы
2. Таліп Мерей Раманұлы
3. Сердармергенов Жанболат Саламатұлы
4. Накова Ұлболсын

Пресс-конференцияға тағы да қош келдіңіздер, конференциямызды тамаша бір күймен бастасақ па дейміз. ДТБ-11 тобының студенті **Бактияр Бекболатты «Адай»** күйімен қарсы алыңыздар.

**Баяндама**

Конференцияның алғашқы баяндамашысы Таліп Мерей Раманұлы - Қазақ филология ғылымдарының докторы, профессор. «Тілдердің үштұғырлылығы» баяндамасымен.
Баяндамашы ағылшын филология ғылымдарының докторы Накова Ұлболсын Таңатарқызын «Мемлекеттік тілді меңгеру жарқын болашақтың кепілі» баяндамасымен ортаға шақырамыз.
Қазақ мемлекеттік тіл дамыту институтының директоры Адайбек Сүйініщұлын «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз» тақырыбындағы баяндамасымен ортаға шақырамыз.

«Ағылшын тілін игерудегі серпіліс» атты баяндамасымен ағылшын мемлекеттік тіл дамыту институтының директоры Сердармергенов Жанболат Саламатұлын шақырамыз.

**Сұрақтар:** (экраннан бейне сұрақтар беріледі).

1. Үш тілде білім беру жүйесіне педагог қызметкерлер мен білім алушылар қаншалықты дайын?
2. «Мемлекеттік тіл» ұғымының мәні мен қызметін түсіндіріңіз.
3. Еліміздің білім беру жүйесіндегі үш тілде оқытуды енгізуі дұрыс жүргізіліп жатыр ма?

**Тілшілердің сұрақтары:**

1. Үш тілді білім үмітімізді ақтай ма?
2. Бізге бұл жүйе не береді?
3. Жапон елінде бала 12 жасқа дейін ана тілінде білім алады, ал неге біздің елде 6 жастағы балаға қазақ орыс, ағылшын тілін меңгертуге тырысамыз? Бала мектеп бітіргенде үш тілдің ешқайсысында еркін сөйлей алмай, мәңгүрт болып шықпай ма?
4. 1-сыныптың «Сауат ашу» кітабына Қажымұқан бабамыздың орнына Илья Ильинді енгізген. Илья Ильинді оқыған болашақ қазақ жастары арғы ата-тегінен ажырап қалмай ма? Бұл қазақ тілі мен қазақ халқын саналы түрде жою емес пе, қалай ойлайсыздар?
5. «Ана тілі», «Әліппе» деген оқулықтардың орнын «Сауат ашу», «Тіл дамыту» деген кітаптармен алмастырған. Ананың тілін оқытпай толыққанды қазақ қалыптастыра аламыз ба?
6. Үш тілділікке көшуде біз не ұтамыз?

**Тақтаға ілінетін нақыл сөздер.**

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата - бабамызды, тарихымызды ұмыту. (Бауыржан Момышұлы)

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді... (Ғабит Мүсірепов)

Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, сол – халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана оны аяққа басады. (Ғабит Мүсірепов)

Кімде - кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды. (Мұхтар Әуезов)

Мемлекеттік тіл – елдің барша азаматтарын біріктіретін ту, елтаңба, әнұран секілді нышан. Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс.

Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек түсіндіру керек. Ол кез келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі... деп нақты ашық айтқан.( Н. Ә. Назарбаев)

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Орыс тілі – ұлтаралық қарым - қатынас тілі.

Ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.

Мемлекеттік тілді – дамытамыз.

Орыс тілін – қолдаймыз.

Ағылшын тілін – үйренеміз.

( Н. Ә. Назарбаев)




**Оқытушының сөзі:** Ғалымдарымыз баяндамаларын оқыды, соған сәйкес тілшілер тарапынан бірізді сұрақтар және бейне сұрақтар қойылды, жауап берілді. Журналистер өздерінің жазатын мақаласының тезисін жазып болып қалған сияқты, олай болса журналистерді тыңдайық.

**Журналистер:**

1. Самеш Мейржан
2. Гочгунбай Мереке

**Оқытушының сөзі:**«Үштілділік – заман талабы» тақырыбындағы пресс-конференцияға қатысушылар арасында үш тілді меңгерген жастарымыз да бар екен. Олай болса сол полиглоттарға сөз кезегін береміз. Үш тілде өлең оқу үшін ортаға Айдана, Жанболат, Айгүл, Нұршат, Алтынай сынды жастарды шақырамыз.

**Қорытынды:**ҚР-жалпы тарихи тағдыры ұштасқан, жүз отыздан астам этникалық топтар өкілдерінің ұлт бірлігі топтасқан, серпінді даму үстіндегі ел. Бұл тәуелсіз елімізді өз Отаным деп санайтын ұлт өкілдерінің бірлікте, татулықта өмір сүруі ел үшін аса маңызды жағдайлардың бірі. «Тіл-халықтың ең ұлы байлығы» деген қазақ қағидасы бар. Кез келген адам үшін осы қағиданың маңызы зор. Аталған маңыздылық Елбасы «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына жолдауында айқын көрсетілген. «Көпұлттылық пен көптілділік осықұндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады Бүгінгі конференциямыз осымен аяқталды, назар қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!



**Оқытушы:** Қозыбақова А.П.
**Мамандығы:** «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
**Біліктілігі:**«Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі»
**Тобы:** МДБ-31
**Күні:** 24.09.2016ж.

***«Өзге тілдің бәрін біл,***
***өз тіліңді құрметте»***
*Қадыр Мырзалиев*

**Тәрбие сағатының тақырыбы:** «Мемлекеттік тіл- менің тілім»
**Тәрбие сағатының мақсаты:** Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, оны құрметтеу керек екенін ұғындыру
**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, нақыл сөздер, кітап көрмесі.
**Топ жетекшісі:** Биыл ҚазақстанРеспубликасыТәуелсіздігінің25жылдығын тойлағалы отырмыз.Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел - өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды.Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір – қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады.Сондықтан кез келген мемлекет өзінің салт – дәстүрін, ана тілін айрықша қорғайды. Қазақстан тәуелсіз ел болып қалсын десек, онда ең алдымен ана тілін дамытуға күш салғанымыз жөн. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз біз өз ана тілімізде таза сөйлеуіміз керек және оны жақсы біліп, туған анамыздай сүюіміз керек.
Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, оны құрметтеу керек екенін ұғындыру мақсатында «Мемлекеттік тіл - менің тілім» атты сынып сағатын бастаймыз.
**Жүргізуші:** Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы – болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы – еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз.

2016 жылдың үлкенмерейтойы–ҚазақстанРеспубликасыТәуелсіздігінің25жылдығы, Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы, Рио – де - Жанейрода өткен жазғы Олимпиада ойындарының өтуі.
Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл -халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы.
«Тіл - ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы».
Адамдық мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз -ана тіліміз!
Қазақ тілі - дүние жүзіндегі ең бай, беделді де, бейнелі тілдердің бірі.
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас, — деп ұлы Абай атамыз таңырқап тағзым еткен де осы қасиетті тіліміз.
Ана тілі халық өсіп, өркендесе дамиды да, халық жоғалса құриды.
**Жүргізуші:**Қазақстан — ұлан-байтақ мемлекет. Өз бауырына 100-ден аса ұлттарды сыйғызып отыр. Олар Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша тең құқықты, тәуелсіз адамдар.
Әр халық өз тілінде сөйлеуге, оқуға құқығы бар. Сол халықтармен достықта, бірлікте өмір сүрейік.
Қазақ тілі - қазақ халқының ана тілі. Қазақ тілі - қазақ халқы үшін әдебиет, мәдениет, ғылым мен білім, оқу - ағарту тілі.
Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі қабылдаған Қазақстанның Тіл туралы заңына сәйкес қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе 1989 жылдың қазан айында берілді.
«Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының Парламенті «Тіл туралы» жаңа заңын қабылдады. «2007 жылды - мемлекеттік тіл жылы» деп жариялады.
Қазақ тілі өте бай, көркем тілдердің бірі. Қазіргі қазақ тілі — кез келген әдебиетті басқа тілден аударуға, түрлі стильдерде сөйлеп, жазуға мүмкіндігі мол, кемелденген тіл.
Ана тілі — туған тілім, бас тілім.
Сен арқылы дүние танып, талпындым.
Сен арқылы әлемге аян бар ісім.
Сен өмірімде таусылмайтын асылым.
**Данагүл:** 22 қыркүйек – Қазахстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесі. Ең алдымен, бұл барша елге ортақ жалпы халықтық мереке, барлық ұлт өкілдеріне көрсетілген құрмет.Қазақстанда 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады, әрбір ұлттың ең үлкен, ең негізгі анасы туған тілі болып саналады.
Ана тілі - әрбірұлттың, ұлыстың мақтанышы, көзінің қарашығындай көретін қазынасы, асылмұрасы.
**Әсем:** Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халкына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үштілді пайдаланатынмәдениетті ел ретіндетанылуғатиіс. Бұлар: қазақтілі – мемлекеттіктіл, орыстілі – ұлтаралыққатынастіліжәнеағылшынтілі – жаһандықэкономикағаойдағыдайкірігутілі» делінген. Тек қазақжұртығанаемес, баршақазақстандықтар осы үштілдіөзараұштастырып, өзорныменқолданабілулеріқажет.
